

Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 сәуірде № 3566 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 89 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 89 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі " Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілген тұрғын үй көмегін беру туралы Ережесінің 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына, және Қазақстан Республикасының Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Агенттігі төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу Қағидасын бекіту туралы" бүйріғына сәйкес Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Қоса беріліп отырған Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі бекітілсін. (Қоса беріледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрайымы
Г. Третьяк

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д. Молдашев

Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілген тұрғын үй көмегін беру туралы Ережесінің 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасының Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Агенттігі төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу Қағидасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес өзірленген және Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі Хромтау ауданы мен Хромтау қаласының аумағында тұрақты жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстары отбасы бюджетінің осы мақсаттарға шекті рұқсат етілетін шығындарының үлесінен асатын жағдайда ұсынылады.

Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум

объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстары үлесінің шегі отбасының жиынтық табысының 8 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындастын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 20.12.2013 № 154 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.10.2014 № 210 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.03.2015 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

3. Телефонға абоненттік төлемдер тарифтерінің жоғарылатылған өтемақысы тұрғын үй көмегін алғындағы әлеуметтік қорғалған, қалалық телекоммуникация байланысының абоненттері болып табылатын азаматтарға ұсынылады.

Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 1 адамға 18 шаршы метр көлемінде қабылданады. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 31 шаршы метр көлемінде қабылданады, бірақ бір бөлмелі пәтердің көлемінен кем емес болмауы керек.

Отбасының электр қуатын пайдалану үшін тұрғын үй көмегінің мөлшері бір айға 120 кВт/сағат құрайды, егер 120 кВт/сағаттан кем болса, онда нақты пайдаланған электр қуаты есепке алынады.

Коммуналдық қызметтерді есептейтін есептегіш құралдары бар тұтынушылардың әлеуметтік нормаларын есептеу кезінде есептегіштердің көрсеткіші бойынша нақты шығындар алынады, бірақ шығындар белгіленген нормативтер мен тарифтерден жоғары аспауы қажет.

Коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормативтері (сумен қамту, газбен қамту, канализация, жылу қуаты, қоқыс) нақты пайдаланғанына қарай белгіленеді.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

4. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берілген күнге байланысты емес ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады, бұл тұста отбасының өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

5. Отбасының табыстары, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтердің төлемдерінің тарифтері өзгерген кезде "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеу жүргізеді.

6. Тұрғын үй көмегі өтініш және келесі құжаттар негізінде тағайындалады:

1) өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

3) тұрақты мекен-жайы бойынша тіркелуін растайтын құжат (мекен-жайының анықтамасы немесе Хромтау қаласы мен селолық округтер әкімдерінің анықтамасы;

4) отбасының табысын растайтын құжаттар;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

9) алынып тасталды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 20.12.2013 № 154 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 20.12.2013 № 154 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығындарға етемақы алуға құқығы бар отбасылар (азаматтар) 6 тармакта көзделген құжаттардан басқа қосымша келесілерді ұсынады:

1) кондоминиум объектінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

2) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналышында бекітілген кондоминиум объектінің ортақ мүлкін күрделі

жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот.

8. Құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі салыстырып тексеру үшін қоса ұсынылады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге сол күні қайтарылады.

9. Тоқсан сайын қайта өтініш берген кезде 6 тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көрсетілген құжаттар өзгерістер пайда болған жағдайда қайта ұсынылады.

10. Тұрғын үй көмегі еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасылардан (азаматтардан) (күтім көрсетуге мұқтаж адамдардың күтімін жүзеге асыратын азаматтардан басқалары) басқа аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) әр тоқсан сайын тағайындалады.

Ескерту. 10 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 20.12.2013 № 154 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Уәкілетті органмен мемлекеттік қызметтерді ұсыну келесі жағдайларда бас тартылады, егер күрделі жөндеу жұмыстары төлемдері және (немесе) кондоминиум объектілерінен жалпы мүлікті күрделі жөндеуге жинақталатын қаражаттық жарна, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемеңкі ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының тұтыну нормалары шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейден аспаса.

12. "Хромтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде қарап, тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

13. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы немесе бас тарту туралы хабарлама "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүгінген кезде тікелей өзі баруы немесе пошталық хабарлама арқылы жасалады.

14. Ұсынылған ақпараттың сенімділігіне құдік туындаған жағдайда "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік

мекемесі тексеріс жүргізуге уәкілетті органдарға жүгінеді.

"Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңсыз немесе жоғары тұрғын үй көмегінің тағайындалуына әкеліп соқтырған әдейі жалған мәліметтер берілсе, меншік иесі (жалға алушы) заңсыз тағайындалған соманы өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда сот арқылы қайтарылады.

Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін алушылардың мекен жайы бойынша тағайындалған көмек сомасын қызмет алушылардың жеке шотына аударады.

15. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін төлеуді тұрғын үй көмегін алушылар, қызмет көрсетушілер мен кондоминиум объектілерін басқару органдарының жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы ақша қаржаттарын аудару жолымен жүзеге асырады.

Телефон үшін абоненттік төлемақы, жергілікті аткаруышы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы тарифтерінің өсуіне өтемақы төлеу алушының таңдауы бойынша, жеке шот реквизиттерін көрсете отырып, ол таңдаған екінші деңгейдегі банктің немесе оның өтініші негізінде банк операцияларының тиісті тұріне ҚР Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 15 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 20.12.2013 № 154 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу

16. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысы тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға Қазақстан Республикасының Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Агенттігі төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу Қағидасын бекіту туралы" бүйрығы негізінде есептеледі.

4. Қаржыландыру көздері

17. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру жергілікті бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

18. Тұрғын үй көмегін төлеуге арналған бюджеттік қаржылардың дұрыс есептелуі мен жұмсалуын тексеру заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК